

**"Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің "Жалын" республикалық әдеби-көркем журналы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 4 сәуірдегі N 303 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің "Жалын" республикалық әдеби-көркем журналы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын "Жалын" журналы" жауапкершілік шектеулі серіктестігі (бұдан әрі - Серіктестік) болып қайта құрылу жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетімен бірлесіп, заңнамада белгіленген **т ә р т і п п е н :**

1) "Жалын" журналын шығару, әдеби дәстүрлерді сақтау және дамыту Серіктестік қызметінің негізгі мәні деп белгілей отырып, оның жарғысын бекітсін;

2) әділет органдарында оның мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

3) Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетіне Серіктестіктің мемлекеттік қатысу үлесіне иелік ету және **п а й д а л а н у қ ұ қ ы ғ ы н б е р с і н ;**

4) осы қаулыны іске асыру жөніндегі өзге де шараларды қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгеріс пен **т о л ы қ т ы р у л а р е н г і з і л с і н :**

1) **күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен;**

2) "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің **т і з б е с і н д е :**

"Алматы қаласы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 123-99-жолмен **т о л ы қ т ы р ы л с ы н :**

"123-99

"Жалын" журналы" ЖШС";

3) "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен

мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысында :  
көрсетілген қаулымен бекітілген Иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге, өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде :

"Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетіне" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 224-24-жолмен толықтырылсын :

"224-24 "Жалын" журналы" ЖШС".

**Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*